

Алматы қаласы әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын құру, осы қордың тұрғын жайына қоныстануға берілетін ордердің үлгісін бекіту және Тұрғын үй департаментінде тұрғын үй қорын пайдалану бөлімін құру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 22 қаңтардағы N 25 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 22 қаңтарда N 7 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 1/211 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласының әкімдігінің 2012.03.28 № 1/211 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласының статусы және оны ары қарай дамыту туралы" 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығын орындау мақсатында, 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 3 б., 6 б. негізінде мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын құру, пайдалану мақсатында Алматы қаласының Әкімі шешім қ а б ы л д а д ы :

1. Қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры құрылсын.
2. Аталған қорға қала әкімінің өз қаражатына алынған заңды және жеке тұлғалар берген тұрғын үйлер енгізілсін.
3. Қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры туралы Қағидасы бекітілсін (N 1 қосымша).
4. Қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге қоныстануға берілетін ордердің үлгісі және ол туралы Қағида бекітілсін (2, 3 қосымша).
5. Қалалық Тұрғын үй департаментінде қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын пайдалану бөлімі құрылсын және ол туралы Қағида бекітілсін (N 4 қосымша).
6. Қала әкімінің мемлекеттік тұрғын үй қорын пайдалану үшін құрылған бөлім қала бюджетінен қаржыландырылсын.
7. Осы шешімнің орындалуын қадағалау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Дұлқайыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

В.Храпунов

N

1

қ о с ы м ш а

А л м а т ы

қ а л а с ы

ә к і м і н і ң

шешімімен бекітілді

Алматы қаласы әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры туралы ЕРЕЖЕ

Осы "Ереже" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы "Алматы қаласының статусы және оны ары қарай дамытудың шаралары туралы" Жарлығын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 3,4 бабына сәйкес әзірленген.

Аталған Ереже қала мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына қатысты мына мәселелерді белгілейді:

1. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының түсінігін;
2. Қала мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының құрылуын;
3. Қала азаматтарына тұрғын үйдің берілу көлемі мен жағдайын;
4. Тұрғын үй алуға құқығы бар азаматтар тобының шеңберін;
5. Коммуналдық тұрғын үй қорын пайдалануды;
6. Тұрғын үйдің құқықтық статусының өзгеруін.

1. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры - мемлекеттің меншігіндегі және жергілікті атқару органының қарауындағы тұрғын үй.

Қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына кіретін барлық тұрғын жайға қала әкімінің өкілетті өкілі ретінде тұрғын үй департаментіне меншік құқығындағы куәлік ресімделеді.

Қала мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры - қала әкімінің қарауындағы тұрғын үй .

Тұрғын үйді аталған қорға жатқызу қала әкімінің оларды аталған қорға енгізу туралы шешімінің негізінде болады.

Тұрғын үйлердегі тұрғын емес жайлар коммуналдық тұрғын үй қорына кірмейді .

Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайы азаматтарға жалдау шарты бойынша белгілеген.

Аталған тұрғын үйге - тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж есебінде тұратын әлеуметтік қорғалатын табысы аз азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік мекеме жұмыскерлері, әскери қызметкерлер және мемлекеттік сайлау қызмет орындарындағы адамдар қоныстана алады.

Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерінің біраз ерекшеліктері бар, оның ішінде:

- тұрғын үй мемлекеттің меншігіне жатады;
- тұрғын үй қала әкімінің қарауында, яғни иелену, пайдалану, басқару қала әкімінің (аудан әкімдері) өкілеттігінде;
- тұрғын үй азаматтарға Заңда қаралған айрықша жағдайлардан басқа кезде жекешелендіру, айырбастау, ажырату, мұраға қалдыру құқығынсыз жалға беріледі;
- мемлекет қызметкерлері, бюджеттік мекемелер жұмыскерлері, әскери қызметкерлері және мемлекеттік сайлау қызметтеріндегі адамдар, Заңда қаралған ерекше жағдайдан басқа кезде, қызмет істеген уақытында ғана, яғни қызметін бітіргенде тұрғын үйден шығарылады;
- қоныстанған кезде міндетті түрде жалдау шарты жасалады;
- Заңда қаралған жағдайлардан басқа кезде бөтен адамдарды қоныстандыруға жол берілмейді.

2. Қала әкімінің мемлекеттік тұрғын үй қоры атқару органының шешімімен енгізілетін тұрғын үйлерден құрылады, оның ішінде:

- қала әкімінің коммуналды тұрғын үй қорының салынып жатқан үйлерінде, сонымен қатар құрылыстың аяқталуына дейін;
- қала әкімінің міндетті аудару есебіне және шарттық келісім бойынша берілетін жеке пәтерлер;
- қала әкімінің сату-сатып алу шарты бойынша және үлестік қатысу арқылы алған тұрғын үйлері;
- пәтер босағаннан кейін тұрғын үй разрядына көшірілген, қала қызметтері немесе заңды және жеке тұлғалар дұрыс мақсатта пайдаланбай жатқан тұрғын үйлер;
- тұрғын емес жайларды қайта жобалау және қайта жаңғырту жүргізген соң, тұрғын үй разрядына енгізілген тұрғын үйлер;
- тұрғын емес жайларды қайта жобалау және қайта жаңғырту жүргізген соң, тұрғын үй разрядына енгізілген тұрғын жайлар;
- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде қаралған мемлекетке өткен тұрғын үйлер.

3. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер мына жағдайларда беріледі:

- тұлға тұратын жері бойынша немесе жұмыс орнында тұрғын үй жағдайын жақсарту есебінде міндетті түрде тұруы керек;
- тұрғын үй берілетіндер - әлеуметтік қорғалатын табысы аз топқа жататын азаматтар қатарына жатуы немесе мемлекеттік қызметкер болуы, қалалық бюджеттік ұйымының жұмыскері, әскери қызметтегілер және мемлекеттік сайланып қойылатын қызметтерге сайланған адамдар болуы керек;
- мемлекеттік сайланып қойылатын қызметтерге сайланған адамдар және

әскери қызметтегілерден басқа азаматтар тұрғылықты қала ішінде тұруы керек.

Аталған қордан мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік ұйымдар жұмыскерлеріне, әскери қызметкерлерге және мемлекеттік сайланып қойылатын қызметтерге сайланған адамдарға тұрғын үйдің берілетін қажетті алаңы кісі басына шаққанда 15 ш.м. кем емес, 18 шаршы метрден көп емес болуы және бір пәтерден аспауы керек, ал әлеуметтік қорғалатын табысы аз азаматтарға берілетін тұрғын үй көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген, бірақ республикада қолданылып жүрген тұрғын алаңы кісі басына шаққанда санитарлық мөлшерден аспайтын және бір тұрғын бөлмеден артық болмайтын мөлшерде болуы мүмкін.

- қолданылып жүрген заңдарға байланысты қосымша жеке бөлме алуға құқығы бар азаматтарға қосымша жеке бөлме берілуі мүмкін.

Сонымен қатар, берілетін тұрғын үйдің көлемін анықтау кезінде отбасында 20 аптадан астам уақыт аяғы ауыр әйелдің бар екені есептеледі.

4. Қала әкімінің мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы барлар :

а) әлеуметтік қорғалатын табысы аз топтың азаматтары.

Табысы аз адамдар - мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын жай сұрағанға дейінгі соңғы 12 айда отбасының әр мүшесіне шаққанда барлық айлық табысы осы мақсаттар үшін заңмен белгіленген күнкөріс шегінен төмен болғандар.

Ең төменгі күнкөріс мөлшері берілгенге дейін, _____ жылға арналған " Мемлекеттік бюджет туралы" Заңға сәйкес жалақының ең төменгі мөлшерін басшылыққа алсын .

Әлеуметтік қорғалатын топ азаматтарының шеңберін қолданылып жүрген заңдарында анықталады :

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, соларға теңелгендер;
 - 1 және 2 топ мүгедектері;
 - мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп жатқан отбасылар;
 - белгіленген Заңды тәртіп бойынша бекітілген тізімде көрсетілген сырқаттармен, созылмалы сырқаттың ауыр түрінен азап шегуші адамдар;
 - жасына байланысты зейнеткерлер;
- кәмелеттік жасқа жетпей ата-анасынан айрылған, 20 жасқа толмаған жетім балалар ;
- репатрианттар ;
- экологиялық зардаптан, табиғаттың төтенше жағдайларынан азапшеккен адамдар ;
- көп балалы отбасылар ;
- мемлекеттік және қоғамдық міндеттерін орындап жүрген кезде, әскери борышын өтеп жүргенде, адам өмірін қорғау кезінде, қоғамдық тәртіпті қорғау

кезінде метр болған адамның отбасылары;
- толық емес отбасылар.

б) мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік ұйымдар жұмыскерлері, әскери қызметтегілер және мемлекеттік сайланып қойылатын қызметтерге сайланған адамдар.

5. Қала әкімінің коммуналдық тұрғын үй қорын пайдаланумен қала Тұрғын үй департаментінде құрылған арнайы қызмет орны айналысады.

Аталған қызмет орны мына мәселелермен айналысады:

- коммуналдық тұрғын үйді балансқа алады;
- қордың үйінде (пәтерінде) тұратын адамдармен жалдау немесе жалға алу шартын жасайды;

- коммуналдық қызметтермен жабдықтаушылармен шарт жасайды;

- қала инженерлік байланыс және территорияны тазалау қызметтерімен шарт жасайды;

- жәй және күрделі жөндеу жүргізу шартын жасайды;

- тұрғын үй қорын өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз етумәселелері.

6. Қала әкімінің коммуналдық тұрғын үй қорының құқықтық статусын өзгерту мына жағдайларда болады:

- Қала әкімінің келісімімен және белгіленген Заңды тәртіппен жекешелендірілгенде;

- жалдау шартының тәртібіне сай;

- тұрғын емес жайға көшірілгенде;

- Заңда қаралған тәртіп бойынша өтеусіз берілсе.

Аталған Ереже мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынүй беру мәселелерін реттеуде өзгеріс болып, заң актілері қабылданған кезде, өзгеруі, толықтырулар енгізілуі мүмкін.

№ 2 қ о с ы м ш а

А л м а т ы к а л а с ы ә к і м і н і ң

1 9 9 8 ж . 2 2 . 0 1 N 2 5

шешімімен бекітілді

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ

ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ЖАЙҒА ҚОНЫСТАНУҒА БЕРІЛЕТІН ОРДЕРДІҢ ТҮБІРІ

КОРЕШОК ОРДЕРА НА ЗАНЯТИЕ ЖИЛИЩА ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО

**КОММУНАЛЬНОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА АКИМА ГОРОДА
АЛМАТЫ**

N _____ от " ____ " _____ 199__ г.

Ф а м и л и я с ы

Фамилия _____

А т ы , э к е с і н і ң а т ы

Имя, отчество _____

Т у ғ а н к ү н і , а й ы , ж ы л ы

Год, месяц, число рождения _____

Ж ұ м ы с о р н ы

Место работы _____

Қ ы з м е т і

Должность _____

К е з е к т е ж ы л д а н т ұ р у ш ы

Очередник (категория) года _____

(Әкім аппараты, кәсіпорын)

(аппарат акима, предприятия)

О р д е р б е р у д і ң н е г і з і

Основание выдачи ордера _____

(тұрғын жай беру туралы шешім)

(решение о предоставлении жилплощади)

" ____ " _____ 19 __ г. N _____

Қоныстанушылар Число въезжающих	Бөлме лер саны Кол-во комнат	Пәтер жеке (коммун.) Кварт. отд. (коммун.)	Тұрғын жай алаңы		Мекен-жайы Адрес Көшесі Улица _____ Үй _____ Дом _____ Пәтер квартира _____
			Площадь, кв.м.		
			Тұрғын алаңы Жилая площадь	Жалпы алаңы Общая площадь	

Тұрғын үй Департаментінің бастығы

Начальник Департамента жилья

О р д е р д і а л д ы м

Ордер получил _____ " ____ " _____ 19 __ г.

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ТҰРҒЫН ҮЙ
ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ЖАЙҒА ҚОНЫСТАНУҒА БЕРІЛЕТІН ОРДЕР
ОРДЕР НА ЗАНЯТИЕ ЖИЛИЩА ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО
КОММУНАЛЬНОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА АКИМА ГОРОДА
АЛМАТЫ**

N _____ от " ____ " _____ 199__ г.

А з а м а т

Выдан гр. _____

_____ от б а с ы к ұ р а м ы _____ а д а м ғ а
на семью из _____ человек на право занятия жилого помещения

Тұрғын алаңы _____ шаршы метр, жалпы алаңы
размером жилой площади _____ кв. метров, общей площади _____

шаршы метр _____ бөлмеден тұратын
кв. метров, состоящего из _____ комнат _____

м е к е н - ж а й ы

по адресу: _____

(көшесі, даңғылы) (улица, проспект)

Үй N _____ пәтер N _____ берілді
дом N _____ квартира N _____

О р д е р берудің негізі
Основание выдачи ордера _____

(Тұрғын жай беру туралы шешім)

(решение о предоставлении жилплощади)

_____ " ____ " _____ 19 __ г. N _____

М.О. Тұрғын үй Департаментінің бастығы
М.П. Начальник Департамента жилья

N _____ 3 _____ қ о с ы м ш а
А л м а т ы _____ қ а л а с ы _____ Ә к і м і н і ң
1 9 9 8 ж . _____ 2 2 . 0 1 . _____ N _____ 2 5
шешімімен бекітілді

**Алматы қаласы Әкімінің мемлекеттік коммуналдық
тұрғын үй қорынан тұрғын жайға қоныстануға**

берілетін ордер туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы "Алматы қаласының статусы және оны ары қарай дамыту шаралары туралы" Жарлығын орындау мақсатында әзірленді.

Аталған Ереже азаматтарды халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз бөлігіне жататын анықтау шарты мен тәртібін, қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын жайлардың нормасын, аталған қордан берілген тұрғын жайды босату және пайдалануды р е т к е к е л т і р е д і .

Қолданылып жүрген заңдарға байланысты (Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 2 бап.) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын жай сұрағанға дейінгі соңғы 12 айда отбасының әр мүшесіне шаққанда барлық айлық табысы осы мақсаттар үшін заңмен белгіленген күнкөріс шегінен төмен азаматтар халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз тобына жатады. Қазақстан Республикасы Үкіметі ең төменгі күнкөріс мөлшерін белгілегенге дейін, _____ жылға арналған "Мемлекеттік бюджет туралы" Заңға сәйкес жалақының ең төменгі мөлшерін басшылыққа алсын.

Қолданылып жүрген заңдарға байланысты мемлекеттің қорғауын және әлеуметтік қолдауын, соның ішінде жергілікті атқарушы органның қарауындағы (Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 68 б.) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар азаматтар - әлеуметтік жағынан қорғалатын топқа жататын адамдар.

Мемлекеттік тұрғын үй қоры - мемлекеттік меншік құқығына жататын және жергілікті атқару органдарының (мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры), яки мемлекеттік кәсіпорындар қарауындағы (мемлекеттік кәсіпорын тұрғын үй қоры) тұрғын үй. Қала әкімінің коммуналдық тұрғын үй қоры - қала әкімінің атқару органдарының қарауындағы мемлекеттік тұрғын үйлері. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы "Алматы қаласының статусы және оны ары қарай дамыту шаралары туралы" Жарлығының 2 тармағына сәйкес коммуналдық меншік болып табылатын объектілерді, соның ішінде коммуналдық мемлекеттік тұрғын үй қорын да иелену, пайдалану, басқару жөніндегі өкілеттіктер Алматы қаласы атқару органына берілуіне байланысты аталған тұрғын үй қоры қала әкімінің мемлекеттік тұрғын үй қорына е н г і з і л с і н .

Алматы қаласы Әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайына қоныстануға берілген ордер мемлекеттік тұрғын үй қорының

тұрғын жайына қоныстануға негіз болады.

Аталған ордер - Алматы қаласы Әкімінің мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын жайына қоныстануға негіз болатын және ары қарай жалдау шартын бекітетін құжат.

Ордер екі бөліктен: ордердің түбіршегі және ордерден тұратын баспаханалық әдіспен басылған құжат. Ордердің бетінде қазақша-орысша: "Қазақстан Республикасы" және "Алматы қаласы Әкімінің аппараты" деген сөздер басылған. Ортасында түрлі-түсті бейнелеуде Алматы қаласының гербі орналасқан. Астында үлкен түрлі-түсті жазулармен екі тілде: "Алматы қаласы Әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге қоныстануға берілген ордер" деп жазылған.

Ары қарай тіркеу нөмірі мен берілетін күні жазылған.

Содан кейін ордер берілетін адамның аты, фамилиясы, әкесінің аты, отбасы құрамы, тұрғын үйдің көлемі мен мекен-жайы және ордер берудің негізі, Тұрғын үй департаменті бастығының қолы мен мөр орны бар.

Ордердің артқы жағында отбасы мүшелерінің аты, фамилиясы, әкесінің аты және ордер ресімдеген маманның қолы тұратын графалар тұр. Астында екі тілде аталған ордердің құқықтық статус ерекшеліктері туралы ескертулер. Аталған қордан берілген тұрғын үйді пайдаланудың ерекшелігі - көп нәрселерге шек қойылады, оның ішінде: заңда қаралған жағдайлардан басқа кезде жекешелендіруге, иесіздендіруге, мұраға қалдыруға болмайды.

Аталған қордан мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік ұйымдар жұмыскерлеріне, әскери қызметкерлерге және мемлекеттік сайланып қойылатын қызметтерге сайланған адамдарға тұрғын үйдің берілетін қажетті алаңы кісі басына шаққанда - 15 ш.м. кем емес, 18 шаршы метрден кем болмауы және бір пәтерден аспауы керек, ал әлеуметтік қорғалатын табысы аз азаматтарға берілетін тұрғын үй көлемі - Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген, бірақ республикада қолданылып жүрген тұрғын алаңы - кісі басына шаққанда санитарлық мөлшерден аспайтын және бір тұрғын бөлмеден артық болмауы мүмкін.

Осындай тұрғын үйлерде тұру және коммуналдық қызметтерді пайдалану төлемдері белгіленген тәртіппен анықталады.

Тұрғын үй жағдайын жақсартқан кезде немесе басқа жағдайда тұрғын жайды босатуы тиіс. Тұрғын үйді заңсыз пайдаланған және өз еркімен босатудан бас тартқан адамдар белгіленген тәртіппен үйден шығарылады.

Алматы қаласы Әкімінің
1998 ж. 22.01. N 25
шешімімен бекітілді

Қала Әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын пайдалану бөлімі туралы ЕРЕЖЕ

1. Қала әкімінің мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын пайдалану бөлімі қала Тұрғын үй департаментінің құрылымды бөлігі болып табылады.

2. Бөлім өз қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Премьер-Министрінің жарлықтары мен Қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрліктері мен ведомстволарының ереже белгілейтін актілерін және қала әкімінің шешімі мен өкімін, Тұрғын үй департаменті бастығының бұйрықтары мен өкімін басшылыққа алады.

3. Бөлімді құрғандағы мақсат - мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын енгізу, балансқа алу, пайдалану және ұстау, қорды сақтау жөніндегі мәселелерді р е т т е у б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Жүктелген міндеттерге байланысты бөлім мынадай қызметтерді атқарады:

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорына кірген тұрғын үйді балансқа а л у ж ә н е т і р к е у д і ;

- аталған тұрғын үйлердің мемлекеттік есебі;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының пәтерінде (үйінде) тұратын азаматтармен жалға беру және жалдау шартын жасауды (қайта жасау);

- коммуналдық қордың тұрғын үйін жалдаушысы мен жалға алушысы және коммуналдық қызметпен жабдықтаушылар арасында оларды осы қызметпен қ а м т а м а с ы з е т у ш а р т ы н ж а с а у д ы ;

- үйдің жанындағы территорияны және ортақ пайдаланатын орындардың т а з а л а у ш а р т ы н ж а с а у д ы ;

- коммуналдық қордың тұрғын үйлеріне жай және күрделі жөндеу жүргізу ш а р т ы н ж а с а у д ы ;

- күрделі жөндеу кезінде жалдаушы мен жалға алушыларға уақытша тұратын т ұ р ғ ы н ж а й т а б у д ы ;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйінде (пәтерінде) байланыс және инженерлік торабын пайдалану үшін осыларға қатысты қала қ ы з м е т т е р і м е н ш а р т ж а с а у д ы ;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының жалдаушылары мен жалға алушыларын құжаттармен және қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету жұмысын ;

- жалға алушылар мен жалдаушыларға қызмет көрсетуге жағдай жасауды;

- тұрғын жайды коммуналдық тұрғын үй қорынан шығару және тұрғын үйді қорға е н г і з у т у р а л ы ұ с ы н ы с т а р д ы д а й ы н д а у д ы ;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын сақтау жөнінде Заңда қаралған
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а у д ы ;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйінде тұруға құқығы
жоқ және өз бетімен кіріп алған адамдарды шығару үшін Заңда қаралған
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а у д ы ;

- мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының жұмысы туралы қажетті
анықтама-ақпараттық және методикалық құжаттар әзірлеуді;

- қажетті мемлекеттік есебін құрастыру және жүргізуді;

- жалдаушы мен жалға алушыларды тұрғын үйден Заңға сәйкес және қаралған
жағдайда қоныс аударту және шығару жұмыстарын;

- басқа да ағымдағы жұмыстарды.

5. Жүктелген міндеттерге байланысты бөлімнің мынаған құқығы бар:

- қажетті құжаттарды талап етуге және барлық заңды тұлғалардан қаралып
жатқан тұрғын үй мәселесіне қатысты түсінік алуға;

- қолданылып жүрген заңдардың орындалмағанын тапқан жағдайда
жалдаушы мен жалға алушылардың қажетті құжаттарын рәсімдеуді тоқтатуға;

- Тұрғын үй департаменті басшылығы арқылы заңсыздықты жою жөнінде
ұ с ы н ы с е н г і з у г е ;

- Тұрғын үй департаментінің сенімхатымен сотта талапкер және жауапкер
б о л у ғ а .

6. Бөлімнің жұмысын Тұрғын үй Департаменті бастығының бұйрығымен
тағайындалатын және босатылатын бөлім бастығы басқарады.

- Бөлімге жұмыс ауқымына сәйкес мамандар алынады.

7. Жұмыс ауқымының және жүктелер міндеттердің өзгеруіне байланысты
Ереже толықтырылуы немесе өзгеруі мүмкін.

8. Бөлімді тарату және қайта құру Алматы қаласы Әкімінің шешімімен жүзеге
асырылады.